

Әріптесіміз медальға ие болды

**Бұқаралық ақпарат
құралдары
қызметкерлері
күніне орай
«Қостанай таңы»
облыстық газетінің
Арқалық қаласы
бойынша меншікті
тілшісі Мұрат
ЖҮНІС мәртебелі
марапатқа ие
болды.**

28 маусым - Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай Қостанай облысының әкімі Құмар АҚСАҚАЛОВ осы салада көп жыл қызмет істеген тілшілер қауымын қабылдап, мерекемен құттықтап, марапаттарын табыс етті.

Журналистика саласында 32 жыл уақыттан бері табанды еңбек етіп келе жатқан Мұрат БЕКЕТҰЛЫ «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, мерейі үстем болды.

Мұрат ЖҮНІС 1966



жылы Жангелдин ауданының "Көкалат" ауылында дүниеге келген. 1985 -1987 жылдар аралығында отан алдындағы әскери борышын өтеді. Білімі жоғары. Режиссерлық курсты бітірген.

Журналистік еңбек жолын 1993 жылы Торғай облыстық «Торғай-таңы» газетінен бастаған. 1995 жылы еңбек үзіліссіз облыстық «Торғай

теледидарына» қызметке келді. Газетте аға тілші, теледидарда комментатор болды. 2004 - 2012 жылдар аралығында Арқалық қалалық телеарнасында бас редактор болып қызмет істеді. 2013 жылдан күні бүгінге дейін облыстық "Қостанай таңы" газетінің Арқалық қаласындағы меншікті тілшісі қызметін атқарып келеді.

Дүниежүзілік «Қазақ тілі» құрылтайының қатысушы, республикалық, облыстық жыр - мүшәйралардың жүлдегері. Арқалық қаласының мәдениет ошақтарында шығармашылық кештері өткен.

Еңбек жолында ҚР Тұңғыш Президентінің, «Нұр Отан» партиясының алғыс хаттарымен, Қазақстан Журналистер Одағының, облыс, қала әкімдерінің грамоталарымен марапатталған.